



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ


ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Желтоқсан 2024

2024 жылғы желтоқсанда жылдық инфляция 8,6%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік бағасының өсуі кей өнімдердің айтарлықтай қымбаттауына және жалпы азық-түлік бағасының өсуіне байланысты болды. Азық-түлік емес тауарлар да қымбаттады, себебі тұтынушылардың сұранысы жоғарылап, ұлттық валюта бағамы төмендеді. Қызмет көрсету саласындағы инфляцияның жылдық көрсеткіші өзгеріссіз қалды. Бұл – ТКШ реттелетін тарифтерінің қымбаттау қарқыны баяулағанының нәтижесі, дегенмен кейбір нарық қызметтерінің қымбаттауы оның орнын басқанын байқауға болады.


2024 жылғы желтоқсанда жылдық инфляция көрсеткіші 8,6%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қарашада – 8,4%). Бағалардың бір айдағы өсу қарқыны өткен айдағы деңгейде қалып, 0,9% болды. 2017-2021 жылдардағы желтоқсан айындағы орташа тарихи өсу көрсеткіші – 0,7%.

Маусымдық факторлар ескерілген инфляция айлық мәнде біршама баяулап, 0,81%-ға жетті (қарашада – 0,85%) (1-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеуі


Маусымдық факторлар ескерілген инфляция құрылымында азық-түлік емес тауарлар бағасының өсу қарқыны 0,8%-ға дейін жеделдегені байқалды. Сонымен қатар, өткен айда айтарлықтай жеделдеген азық-түлік инфляциясының өсу қарқыны бәсеңдеп, 0,9%-дан 0,7%-ға дейін төмендеді.

Маусымдық факторлар ескерілген қызмет көрсету инфляциясы 0,9% деңгейінде өзгеріссіз қалды.

Сондай-ақ, маусымдық факторларды ескергенде, жеке пайдалануға арналған электр құрылғыларының, күтім жасауға арналған жеке бас тауарларының, майлар мен тоң майлардың, көкөністер, кешенді демалыс ұйымдастыру қызметтерінің, қонақүй мен тұрғын үйді жалға беру бағалары айтарлықтай өскені байқалды (2-график).

2024 жылғы желтоқсанда әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні¹ бір айдағы көрсеткіш бойынша 0,78%-ға, ал жылдық көрсеткіш бойынша 9,83%-ға дейін өсті. Бұл көрсеткіштің төртінші ай қатарынан жеделдеуі инфляцияның тұрақты бөлігіндегі баға өсімін және айтарлықтай инфляция қысымы сақталып отырғанын көрсетеді (3-график).

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік инфляциясы

2024 жылғы желтоқсанда азық-түлік бағасының жылдық өсімі 5,5%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қарашада – 5,4%). Бұл компоненттегі инфляцияға негізінен жеміс-жидек пен көкөністің, сондай-ақ майлар мен тоң майлардың қымбаттауы үлес қосты. Сонымен қатар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, жеміс және жұмыртқа бағасының өсімі баяулап келеді, бұл үрдіс дезинфляциялық тұрғыда әсер еткен негізгі фактор ретінде танылып отыр (4-график).

4-график. Жылдық азық-түлік инфляциясындағы тауарлар бағасының үлесі



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы желтоқсанда азық-түлік бағасының бір айдағы өсімі өткен айдағы деңгейде (1,1%) сақталды. Желтоқсанда көкөніс, майлар мен тоң майлар бағасының өсу қарқыны алдыңғы айдағы көрсеткішке қарағанда баяулап, жалпы баға өсіміне тигізген әсері азайды.

¹ Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентілі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Алайда, басқа азық-түлік өнімдерінің бағасы желтоқсан айында айтарлықтай жоғары қарқынмен өскендіктен, бұл өзгеріс жалпы көрсеткішке еш әсер еткен жоқ. Осы қарама-қайшы үрдістердің нәтижесінде, бір айдағы азық-түлік инфляциясы өзгеріссіз қалды.

2024 жылғы желтоқсанда көкөніс бағасының өсу қарқыны баяулағанына қарамастан, бір айдағы азық-түлік инфляциясына ең көп үлес қосып отыр. Желтоқсанда көкөніс бағасы 8,7%-ға өсті (2024 жылғы қарашада – 11,3%). Бағаны өсірген негізгі қозғаушы күш – қияр (31,3%-ға) мен қызанақтың (13,2%-ға) қымбаттауы. Бұл ауыл шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы тұрақты түрде өскеніне байланысты болып отыр. Сонымен қатар, гүлді қырыққабат (11,8%), тәтті бұрыш (10,4%), картоп (6,6%), сарымсақ (5,4%), ақ қырыққабат (5,1%) және пияз (2,6%) бағалары да айтарлықтай өсті. Айта кету керек, картоп пен пияз нарықтарында өндіріс көлемінің азаюы, шығынның артуы және қорлардың шектеулі болуы сияқты бірқатар фактордың әсерінен баға қысымы жоғары болып тұр.

Майлар мен тоң майлар бағасының бесінші ай қатарынан өсуі азық-түлік инфляциясына қосымша қысым түсіріп, 2024 жылғы желтоқсанда көрсеткіш 1,9%-ды құрады (2024 жылғы қарашада – 2,4%). Бұл санаттағы барлық тауардың бағасы өскені байқалды. Бұл өңдеу өнеркәсібіндегі майлар мен тоң майларды өндірушілердің бағасы өскеніне байланысты болып отыр. Ал бұл жайт ауыл шаруашылығында майлы дақыл тұқымдарының қымбаттауынан туындады. Сонымен қатар, әлем бойынша өсімдік майларының қымбаттауы да ішкі нарыққа әсер етуші факторларды күшейтіп, қосымша инфляциялық қысым түсірді.


2024 жылғы желтоқсандағы нан-тоқаш өнімдері, жарма, сондай-ақ қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнім бағаларындағы өзгеріс ерекше назар аударуды қажет етеді. Аталған тауарлар бойынша баға өсімі желтоқсанда 0%-ды құрап, азық-түлік инфляциясының өсуіне тікелей әсер еткен жоқ, дегенмен олардың әсері айтарлықтай өзгерді. Өткен айда бұл тауарлар арзандап, азық-түлік инфляциясына дезинфляциялық әсер берген болса, желтоқсанда олардың әсері бейтарап болып, азық-түлік инфляциясындағы дефляциялық фактордың ықпалын жойды.

2024 жылғы желтоқсанда көптеген азық-түлік бағасының бір айдағы өсу қарқыны 2024 жылғы қарашадағы көрсеткіштен асып түсті. Бұл инфляция қысымы әлі де бар екенін көрсетеді және медианалық базалық инфляцияның жеделдеуі де мұны растап отыр.

Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары

2024 жылғы желтоқсанда FAO азық-түлік бағаларының индексі өткен аймен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді, бірақ бағалар жылдық мәнде 6,7%-ға өсті. Бұл өсім, өсімдік майларын есептегенде, барлық азық-түлік өнімдерінде байқалды. Алайда, әлем бойынша азық-түлік бағасының өсу қарқыны ішкі бағаларға қарағанда баяу екені байқалады. 2024 жылғы желтоқсанда теңге бағамының әлсіреуі ішкі және сыртқы бағалар арасындағы айырмашылықты азайтуға ықпал етті. Бірақ өсімдік майларының бағасында айырмашылық сақталып отыр.

5-график. Дәнді дақылдар, нан-тоқаш өнімдері мен жарма, ұн, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі²


2024 жылғы желтоқсанда әлемдік нарықта өсімдік майларының бағасы өткен айдағымен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді (АҚШ долларымен есептегенде), бірақ өткен жылғымен салыстырғанда 33,5%-ға жоғары болып қалды. Сұраныстың төмендеуіне байланысты пальма майынан басқа барлық май түрлерінің бағасы арзандады.

Әлемдік нарықтағы май бағасының өсу қарқыны ішкі бағалардың өсуінен әлдеқайда жоғары болып отыр. Теңгенің номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі май бағасындағы айырмашылықтың артуына әсер етті (6-график).

2024 жылғы желтоқсанда әлемдік нарықтағы астық бағасының (АҚШ долл.) бір айдағы көрсеткіші айтарлықтай өзгерген жоқ, себебі оған әртүрлі факторлар әсер етті. Бағаның төмендеуіне әлем бойынша сұраныстың азаюы және Аргентина мен Аустралиядан маусымдық өнім жеткізілімдерінің артуы ықпал етті. Сонымен қатар, күз мезгілінде Ресейде дақылдардың өнімділігіне қатысты болжам көрсеткіштерінің төмендеуі астық бағасының өсуіне ықпал етті. Жылдық мәнде астық бағасы 9,3%-ға түсті.


Сондай-ақ, 2024 жылғы желтоқсанда астықтың сыртқы бағалары (теңгемен есептелген) мен ішкі нарықтағы нан-тоқаш өнімдері және жармалардың бағасы арасындағы айырмашылық азайды (5-график).

6-график. Өсімдік майлары, 2019 жел. = 100



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

² Мұндағы және 6,7,8 кестелердегі есептеулер теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айлық бағамымен жүргізілді



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

2024 жылғы желтоқсанда әлемдік нарықта ет бағасы өткен айдағымен салыстырғанда 0,4%-ға өсті (АҚШ долларымен), бірақ өткен жылға қарағанда 7,1%-ға жоғары болды. Бағаның өсуіне сиыр еті мен қой етінің қымбаттауы әсер етті.

Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы номиналдық бағамының әлсіреуі және еттің ішкі және сыртқы бағаларының қатар өсуі ет бойынша әлемдік және ішкі бағалар арасындағы айырмашылықтың азаюына әкелді (8-график).

2024 жылғы желтоқсанда әлемдік нарықта өсімдік майының бағасы өткен айдағымен салыстырғанда 0,5%-ға төмендеді (АҚШ долларымен есептегенде), бірақ өткен жылғы көрсеткіштен жоғары қалыптасты (33,5% ж/ж). Сұраныстың төмендеуіне байланысты пальма майынан басқа барлық май түрінің бағасы арзандады.

Әлемдік нарықтағы май бағасының өсу қарқыны ішкі бағалардың өсімінен әлдеқайда жоғары болып отыр. Теңгенің номиналдық айырбас бағамының әлсіреуі майға тән бағалық айырмашылықтың өсуіне әсер етті (7-график).



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түлік емес тауарлар инфляциясы


2024 жылғы желтоқсанда азық-түлік емес тауарлар бағасының бір жылдағы өсу қарқыны 8,3%-ға дейін жеделдеді (қарашадағы 8%-бен салыстырғанда). Азық-түлік емес тауарлар құрылымында автокөлік, сырт киім және аудио-бейне жабдық бағасының жылдық өсу қарқыны жеделдегені байқалды. Сонымен қатар, тұрмыстық заттар, құрылыс материалдары, дәрі-дәрмек және жеке қолданылатын тауарлар бойынша баға өсімі бәсеңдеді. Ал шыныдан жасалған бұйымдар, ас үй құралдары және жеке қолданылатын электр құралдары бойынша жылдық дефляция тіркелді (9-график).

2024 жылғы желтоқсанда азық-түлік емес тауарлар бағасының бір айдағы өсу қарқыны 0,8%-ға дейін жеделдеді (2024 жылғы қарашада – 0,7%). Бұл өсімге зергерлік бұйымдар мен сағаттар (7,2%), жеке қолданылатын электр құралдары (3,1%), тұрмыстық және бау-бақшаға арналған құралдар (2,9%), аудио-бейне жабдықтар (2,1%) бағасының қымбаттауы ықпал етті. Аталған тауарлардың қымбаттауына теңгенің номиналдық бағамының әлсіреуіне байланысты баға өзгеріп жатқаны себеп болды, бұл инфляцияға айтарлықтай қысым түсіріп отыр.

Сонымен қатар, кейбір тауар бағаларының өсімі баяулағаны байқалды. Мысалы, автокөліктердің қымбаттау қарқыны қарашадағы 1%-дан желтоқсанда 0,1%-ға дейін төмендеді, ал киім тігуге арналған маталардың бағасы мүлдем өскен жоқ, 0,9%-дан 0%-ға дейін баяулады. Бұдан бөлек, кейбір сегменттерде де баға түскен: шыныдан жасалған бұйымдар, ас үй

құралдары және ыдыс-аяқ 1,6%-ға, ал тұрмыстық техника 0,8%-ға арзандады. Бұл тауарлар азық-түлік емес сектордағы жалпы баға өсімін ішінара тежеді.

9-график. Тауарлардың азық-түлік емес жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Қызмет көрсету инфляциясы

2024 жылғы желтоқсанда қызмет көрсету секторындағы жылдық баға өсімі 13,3% деңгейінде сақталды. Өсім қарқынының сақталуына инфляцияның төмендеуіне және өсуіне әсер ететін факторлардың бірдей дәрежеде болуы әсер етті (10-график). ТКШ реттелетін тарифтерінің жылдық инфляциясы баяулады, бірақ нарықтағы кей қызметтер бағасының өсу қарқыны жеделдегені оның орнын басты.

10-график. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциядағы үлесі, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Айлық көрсеткіш бойынша да қызметтер бағасының өсуі 0,8% деңгейінде өзгеріссіз қалды. Нарық қызметтері арасында кейбір тауарлардың бағасы айтарлықтай өскені байқалады. Мысалы, кешенді демалыс ұйымдастыру қызметтері 5,5%-ға, қонақүй қызметтері 3,1%-ға, тұрғын үйді нақты жалға алу бағасы 2,8%-ға, қоғамдық тамақтану қызметтері 2%-ға қымбаттады.

Сонымен қатар, кейбір қызметтер бойынша бір айдағы баға өсімі баяулады. Қоқыс шығару қызметтері қарашадағы 2,2%-дан желтоқсанда 0%-ға дейін түсті, жеке көлік құралдарын техникалық қызмет көрсету және жөндеу қызметтері 1,4%-дан 0,9%-ға дейін, ал амбулаторлық қызметтер 1%-дан 0,4%-ға дейін төмендеді.

2024 жылғы желтоқсанда реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифінің бір айдағы өсімі қарашадағы 1,7%-дық көрсеткіштен 0,9%-ға дейін баяулады (11-график). Желтоқсандағы ең үлкен өсім орталықтандырылған жылумен қамту тарифтерінен байқалды, көрсеткіш 4,2%-ға өсті. Сонымен қатар, газ тарифі 0,3%-ға және ыстық су тарифі 0,2%-ға сәл қымбаттады. Сонымен қатар, салқын су, кәріз жүйесі және электр қуаты тарифтерінің бағасы өзгеріссіз қалды, бұл тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифінің жалпы өсімін тежеді.


11-график. Өңірлер бойынша реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2024 жылғы қаңтар-тамыз, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы желтоқсанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің бағасы одан әрі төмендеді, бұл кейбір астық дақылдарының арзандауына байланысты болды. Азық-түлік өнімдерін өндіру саласындағы баға өсімінің қарқыны баяу болып қалды. Қызмет көрсету саласында теміржол және әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифі одан әрі өсті.

12-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


Азық-түлік өнімдерін өндіретін салаларда баға өсімі қайта жеделдеді. Бұл сүт, ұн және жарма өнімдері, нан-тоқаш өнімдері, сондай-ақ майлар мен тоң май өндірушілерінің бағаны өсіруіне байланысты болды (13-график). Жоғары өнімділік деңгейі мен малға азық астық бағасының төмен болуы дайын мал азығын өндірушілердің бағасын төмендетуге айтарлықтай әсер етті.

Электр және сүмен жабдықтау тарифтерінің, сондай-ақ жүк сақтау қызметі бағаларының өсуі азық-түлік өнімдерін өндіру саласындағы өндіріс шығындарын арттырып отыр.

2024 жылғы желтоқсанда мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы айтарлықтай қымбаттаған жоқ (12-график). Малға азық дақылдардың бағасы едәуір төмендегеніне қарамастан, мал шаруашылығындағы өндірушілерге мал асырау шығындарының өсуі әлі де қиындық тудырып отыр.


Өсімдік шаруашылығында өндірушілердің бағасы әрі қарай төмендеді, бұл негізінен бидайдың арзандауына байланысты болды. Бұған 2024 жылғы егіннен алынған өнімнің жоғары болуының нәтижесінде мол астық қоры жиналғаны себеп болды.

13-график. Азық-түлік өндірушілердің бағасы ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

14-график. Тұтыну тауарларын импорттау бағалары және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы номиналды айырбас бағамы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ


15-график. Аралық тауарларды импорттау бағалары және АҚШ долларының теңгеге шаққандағы номиналды айырбас бағамы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Отандық өндірістен бөлек, азық-түлік тауарларын көтерме жеткізу бағасының өсуі нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді, темекі өнімдерін, сондай-ақ шай, кофе, какао және өңделген дәмдеуіштерді қоса алғанда, дайын импорттық өнімдердің қымбаттауына байланысты болды (14-кесте). Импортталған теңіз өнімдері бағасының айтарлықтай өскені (23,8% ж/ж) байқалды. Азық-түлік емес тауарлар арасында ТМД елдерінен импортталатын маталар мен тоқыма өнімдер, фармацевтикалық өнімдер және ТМД елдерінен тыс өндірілетін автокөліктер қымбаттады (15-график).

16-график. Жүк тасымалдау тарифтері, ж/ж, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы желтоқсанда теміржол көлігімен жүк тасымалдау тарифі мәнде 16,5%-ға қымбаттады. Бұл тарифтердің өсуі вагон паркін жаңартуға және жұмысшылардың жалақысын арттыруға байланысты болды.

Әуе көлігімен жүк тасымалдау тарифі өзгеріссіз қалды, ал автомобиль көлігімен жүк тасымалдау құны жылдық мәнде 0,6%-ға қымбаттады (16-график).